

"Бұқаралық ақпарат құралдары туралы" Қазақстан Республикасының Заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Қазақстан Республикасының Заңы 2001 жылғы 3 мамыр N 181-II

"Бұқаралық ақпарат құралдары туралы" 1999 жылғы 23 шілдедегі Z990451_
Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің
Жаршысы, 1999 ж., N 21, 771-күжат) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

- 1) 1-бапта:
- 2) тармақша "жазбасы және" деген сөздерден кейін "көпшілік қол жеткізе алатын телекоммуникациялық желілердегі (интернет және басқалары) WEB-сайттарды қоса алғанда," деген сөздермен толықтырылсын;
- 6) тармақша ", көпшілік қол жеткізе алатын телекоммуникациялық желілердегі WEB-сайтта берілген ақпарат;" деген сөздермен толықтырылсын;
мынадай мазмұндағы 15), 16), 17), 18) және 19) тармақшалармен толықтырылсын:
"15) WEB-сайт - Қазақстан Республикасының жеке немесе заңды тұлғасының арнайы техникалық және бағдарламалық құралдардың көмегімен дайындалған, меншік иесі жаппай тарату мақсатында ақпарат беретін электронды өкілдік бет;
16) ретрансляция - техникалық құралдарды пайдалануға қарамастан, басқа бұқаралық ақпарат құралының теле- немесе радио бағдарламаларын (теле- немесе радио хабарларының жиынтығы) қабылдау және бір мезгілде не жазып алғып толық және өзгеріссіз тарату;
- 17) кешен - бір бірімен ортақ мақсаттарымен байланысты және бірыңғай құрылым құрайтын ғимараттар жиынтығы;
- 18) аккредитация - журналистті тағайындау рәсімі және оның өкілеттігін мемлекеттік органның, қоғамдық бірлестіктің және ұйымның тануы;
- 19) бұқаралық ақпарат құралдары істері жөніндегі уәкілетті орган (бұдан әрі - уәкілетті орган) - Қазақстан Республикасының бұқаралық ақпарат құралдары мен ақпарат агенттіктерінің қызметін мемлекеттік реттеуді жүзеге асыратын орталық атқарушы орган.";
- 2) 5-баптың 1-тармағы мынадай мазмұндағы үшінші бөлікпен толықтырылсын:
"Бұқаралық ақпарат құралын есепке қою туралы куәлік бұқаралық ақпарат құралының өнімін шығаруды (эфирге шығуды) жүзеге асыруға, ақпараттық сипаттағы хабарлар мен материалдарды таратуға негіз болып табылады. Бұл талап WEB-сайттарға қолданылмайды.";
- 3) 10-бапта:
- 1-тармақта:

"таратылатын" деген сөзден кейін ", WEB-сайттардан басқа," деген сөздермен толықтырылсын;

"Қазақстан Республикасының бұқаралық ақпарат құралдарының істері жөніндегі уәкілетті органында (бұдан әрі - уәкілетті орган)" деген сөздер алып тасталсын;

мынадай мазмұндағы 3-1, 3-2-тармақтармен толықтырылсын:

"3-1. Мерзімді баспасөз басылымының меншік иесі есепке қою туралы қуәлік алған күннен бастап алты ай ішінде бұқаралық ақпарат құралы өнімін шығаруға кірісуге өзінің құқығын сақтайды.

Теле-, радио-, бейне-, кинохроникалық бағдарламалардың, ақпарат агенттіктерінің меншік иесі есепке қою туралы қуәлік алған күннен бастап бір жыл ішінде бұқаралық ақпарат құралы өнімін шығаруға, ақпараттық сипаттағы хабарлар мен материалдарды таратуға кірісуге өзінің құқығын сақтайды.

Белгіленген кезеңде бұқаралық ақпарат құралының өнімін шығару басталмаған жағдайда, уәкілетті органның шешімімен есепке қою туралы қуәліктің күші жойылды деп танылады.

3-2. Меншік иесі немесе оның ұйымдық-құқықтық нысаны, атауы, сондай-ақ бұқаралық ақпарат құралының аты, басылымының не хабарлардың тілі, таралу аумағы, негізгі тақырыптық бағыты өзгерген жағдайларда бұқаралық ақпарат құралы ақпарат агенттігі қайта есепке қойылуға тиіс.

Бұқаралық ақпарат құралын немесе ақпарат агенттігін қайта есепке қою оларды есепке қойғандағыдай тәртіппен жүзеге асырылады.";

4) 12-бап төртінші абзацтағы "бюллетеньдерін" деген сөзден кейін нұқтелі үтір қойылып, "есепке қою талап етілмейді." деген сөздер алып тасталсын және мынадай мазмұндағы абзацпен толықтырылсын:

"- кабелдік желілермен таратылатын теле-, радио-, бейне-, кинохроникалық бағдарламаларды, егер қызмет көрсету аумағы бір ғимаратпен немесе кешенмен шектелген болса, есепке қою талап етілмейді.";

5) 14-бапта:

2-тармақта "басылымдарын" деген сөзден кейін "тек қана мәлдір ораммен буылып-түйілген күйінде және" деген сөздермен толықтырылсын;

мынадай мазмұндағы 3-1-тармақпен толықтырылсын:

"3-1. Шетелдік бұқаралық ақпарат құралдарының теле- және радио бағдарламаларын ретрансляциялау телерадио хабарларын тарату арналары арқылы берілетін хабарлардың жалпы көлемінің: 2002 жылғы 1 қантардан бастап елу процентінен, 2003 жылғы 1 қантардан бастап жиырма процентінен аспауға тиіс.

Бұл талап кабелдік және эфирлік-кабелдік теледидарлар тарататын хабарларға қолданылмайды.";

6) 15-баптың 2-тармағындағы "(телерадио хабарларын тарату)" деген сөздер алып тасталсын;

7) 18-бап мынадай мазмұндағы 2-1-тармақпен толықтырылсын:

"2-1. Мемлекеттік органдар мен өзге де ұйымдар сұратылып отырған ақпаратты өтініш түскен күннен бастап үш күннен кешіктірмей беруге не беру мерзімін немесе беруден бас тарту себебін көрсете отырып жауабын беруге міндettі.

Қосымша зерделеуді және тексеруді қажет ететін өтінішке жауап ол келіп түскен күннен бастап бір ай мерзімнен кешіктірілмей берілуге тиіс.

Бұқаралық ақпарат құралынан қойылған мәселелерді шешу құзыретіне кірмейтін мемлекеттік органдарға немесе өзге де ұйымдарға өтініш келіп түскен жағдайда, осы өтініш бес күн мерзімнен кешіктірілмей тиісті органдарға жіберіліп, бұл туралы бұқаралық ақпарат құралына хабарлануға тиіс.";

8) 21-бап мынадай мазмұндағы 4-1) тармақшамен толықтырылсын:

"4-1) азаматтармен сұхбат жүргізген кезде дыбыс- немесе бейнежазбаны пайдалануға келісім алуға;";

9) 24-бап мынадай мазмұндағы 3-тармақпен толықтырылсын:

"3. Қазақстан Республикасының Конституциясын K951000_ және осы Заңның нормаларын бұзатын шетелдік бұқаралық ақпарат құралдарының өнімін таратуға сот тәртібімен тыйым салынады.";

10) 25-бап мынадай мазмұндағы 2-1-тармақпен толықтырылсын:

"2-1. Бұқаралық ақпарат құралының меншік иесі, бас редакторы (редакторы) Қазақстан Республикасының конституциялық құрылышын күштеп өзгертуді, оның тұтастығын бұзуды, мемлекет қауіпсіздігіне нұқсан келтіруді, соғысты, әлеуметтік, нәсілдік, ұлттық, діни, тектік-таптық және рулық артықшылықты, қатыгездікті, зорлық пен порнографияны насиҳаттап,

үгіттейтін хабарлар мен материалдарды таратқаны үшін, олардың алынған көздеріне қарамастан, Қазақстан Республикасының заң актілерінде белгіленген жауаптылықта болады.";

11) 26-баптың 2) тармақшасындағы "органдар мен өзге де ұйымдардың" деген сөздер "органдардың" деген сөзben ауыстырылсын.

Қазақстан Республикасының

Президенті

Мамандар:

Қасымбеков Б.А.

Багарова Ж.А.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК